
BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 2. Number 402 (2023), 170-181
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.463>
UDC 8.82. 82-1/9

© **G. Mukhametkaliyeva***, **G. Baltabayeva**, **A. Alipbayeva**, **Zh. Zhumaliyeva**,
A. Bakitov, 2023

Al-Farabi Kazakh National University.

E-mail: gulnar1962@mail.ru

METHODS OF TEACHING A FOREIGN LANGUAGE BASED ON NATIONAL VALUES AND FEATURES OF SPEECH CULTURE

Gulnar Mukhametkaliyeva — Candidate of Philology. Associate Professor. Al-Farabi
Kazakh National University

E-mail: gulnar1962@mail.ru. ORCID: 0000-0002-0502-1156;

Baltabayeva Gaukhar Sayilovna — doctor of philology, acting associate professor, Kazakh
National Women's teacher training University. Institute of Kazakh language and world languages

E-mail: jandai88@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7555-0766>;

Anara Alipbayeva — Al-Farabi Kazakh National University

E-mail: a.alipbayeva@gmail.com. ORCID: 0000-0002-0644-0416;

Zhansaya Zhumaliyeva — Abylai Khan Kazakh University of International Relations and
World Languages

E-mail: j.jumaliye@gmail.com. ORCID: 0000-0003-3303-5085;

Aitkali Bakitov — Candidate of Philology, Associate Professor, Abylai Khan Kazakh
University of international relations and world languages

E-mail: bakitov77aitkali@mail.ru. Orcid: 0000-0002-5461-7394.

Abstract. This article examines the issue of shaping students' knowledge about their native country, respect for their motherland, history, language, traditions, national values, taking into account the competence approach, international experience and modern technologies in teaching French on the basis of national values. Within the framework of this article, we strive to show the importance of considering peculiarities of speech culture of each nation in teaching a foreign language, identifying their national and cultural differences and similarities, comparing such elements of conversational speech as expressions of gratitude and wishes in Kazakh and French. Thanks to improvement of foreign language skills and functional literacy, and despite cultural differences, humanity is differentiated by the commonality of environment, thinking, and cognitive abilities, as well as by similarities in universal concepts, values and assessments depending on biological nature of a person and general features of social interaction.

Keywords: national value, integration, intercultural communication, contrastive linguistics, pragmeme

© Г. Мұхаметқалиева*, Г. Балтабаева, А. Алипбаева, Ж. Жумалиева,
А.Т. Бакитов, 2023

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

E-mail: gulnar1962@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мұхаметқалиева Гүлнәр — ф.ғ.к., доцент. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

E-mail: gulnar1962@mail.ru. ORCID: 0000-0002-0502-1156;

Балтабаева Гаухар Саилловна — филология ғылымдарының докторы, доценттің м.а. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Қазақ Тіл және әлем тілдері

E-mail: jandai88@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7555-0766>;

Алипбаева Анар — магистр, оқытушы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

E-mail: a.alipbayeva@gmail.com. ORCID: 0000-0002-0644-0416;

Жумалиева Жансая — докторант. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық катынастар және әлем тілдері университеті

E-mail: j.jumaliye@gmail.com. ORCID: 0000-0003-3303-5085;

Бакитов Айтқали. — ф.ғ.к., доцент Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық катынастар және әлем тілдері университеті

E-mail: bakitov77aitkali@mail.ru. ORCID: 0000-0002-5461-7394.

Аннотация. Бұл мақалада француз тілін ұлттық құндылықтар бойынша оқытудың құзыреттілігін қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі мен заманауи технологияларды қолдана отырып, білім алушылардың бойындағы күш-қуатын, білімін туған еліне жұмсауға, жерін, тарихын, тілін, салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарды құрмет тұтуға тәрбиелеу мәселесі қарастырылады. Біз бұл мақала шеңберінде қазақ және француз тілдеріндегі еркелету, жақсы көру, алғыс айту, тілек айту секілді сөйлесімдерді салыстыра зерттей отырып, олардың ұлттық мәдени ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындай отырып, шетел тілін оқытуда әр ұлттық сөйлеу мәдениетіндегі ерекшеліктерді ескеру маңыздылығын көрсетуді мақсат етеміз. Шет тілін меңгеру дағдыларын мен функционалдық сауаттылықты жетілдіру арқылы, мәдени өзгешеліктерге қарамастан, адамзат баласына қоршаған ортаның және ойлау, таным қабілеттерінің ортақтығынан, сонымен қатар адамның биологиялық табиғаты мен әлеуметтік өзара іс-әрекеттердің жалпыға ортақ қасиеттеріне байланысты әмбебап концептілер, әмбебап құндылықтар мен бағалаудағы ұқсастықтар сараланады.

Түйін сөздер: ұлттық құндылық, интеграциялану, мәдениетаралық коммуникация, контрастивтік лингвистика, прагмема т.б

© Г. Мұхаметқалиева*, Г. Балтабаева, А. Алипбаева, Ж. Жумалиева,
А. Т. Бакитов, 2023

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби.

E-mail: gulnar1962@mail.ru

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ И ОСОБЕННОСТЕЙ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ

Мухаметкалиева Гульнара — к.ф.н., доцент. Казахский национальный университет им. Аль-Фараби

E-mail: gular1962@mail.ru. ORCID: 0000-0002-0502-1156;

Балтабаева Гаухар Саилловна — доктор филологических наук, и.о. доцента, Казахский национальный женский педагогический университет. Казахский язык и мировые языки

E-mail: jandai88@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7555-0766>;

Алипбаева Анар — магистр, преподаватель Казахский национальный университет им. аль-Фараби

E-mail: a.alipbayeva@gmail.com. ORCID: 0000-0002-0644-0416;

Жумалиева Жансая — докторант. Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана

E-mail: j.jumaliye@gmail.com. ORCID: 0000-0003-3303-5085;

Бакитов Айткали. — к.ф.н., доцент Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана

E-mail: bakitov77aitkali@mail.ru. ORCID: 0000-0002-5461-7394.

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос формирования у обучающихся знаний о родной стране, уважения к родной земле, истории, языку, традициям, национальным ценностям с учетом компетентностного подхода, международного опыта и современных технологий в обучении французскому языку на основе национальных ценностей. В рамках данной статьи мы стремимся показать важность учета особенностей речевой культуры каждой нации в обучении иностранному языку, выявляя их национально-культурные различия и сходства, сравнивая такие элементы разговорной речи, как выражение благодарности и пожелания на казахском и французском языках. Благодаря совершенствованию навыков владения иностранным языком и функциональной грамотности, и, несмотря на культурные различия, человечество дифференцируется по общности окружающей среды и мышления, когнитивных способностей, а также по сходству в универсальных концептах, ценностях и оценках в зависимости от биологической природы человека и общих свойств социального взаимодействия.

Ключевые слова: национальная ценность, интеграция, межкультурная коммуникация, контрастивная лингвистика, прагмема

Кіріспе

Мәдениетаралық коммуникация — тек шетел тілдерін білуді ғана емес, өз мәдениетінді сақтай отырып, басқа халықтың материалдық және рухани мәдениетін, дінін, құндылықтары мен дүниетанымын білуді талап ететін үдеріс. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі мемлекеттің, сонымен бірге білім беру мекемелерінің басты мәселелерінің бірі — Қазақстан халқының мүддесін өз мақсат-мүддесінен жоғары қоятын білімді, саналы, кәсіпқой мамандарды тәрбиелеу. Ал оның ішінде бәсекеге қабілетті, күзінетті болашақ мамандарды (студенттерді) даярлау — жоғарғы оқу орнындағы міндеттердің бірі. Осыған байланысты мемлекетімізде қоғамдық өміріміздің барлық салаларында кәсіби деңгейі жоғары болашақ мамандарды даярлау басты мақсат ретінде алынып отыр. Ал бұл бағыттағы мәселе білім беру саласына тікелей қатысты, себебі білім — жеке тұлғаның саяси-әлеуметтік көзқарасын дамытатын, дүниетанымдық аясын кеңейтетін маңызды фактордың бірі болып саналады. Сондықтан еліміздің жоғарғы оқу орындарына, оның материалдық-техникалық базасына жаңаша талаптар қойылып, студенттерге білім беруде және

тәрбиелеуде ерекше мән беріп, құзіретті тұрғыда білім беруді жетілдіру қажет.

Біз бұл мақала шеңберінде қазақ және француз тілдеріндегі еркелету, жақсы көру, алғыс айту, тілек айту секілді сөйлесімдерді салыстыра зерттей отырып, олардың ұлттық мәдени ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындай отырып, шетел тілін оқытуда әр ұлттық сөйлеу мәдениетіндегі ерекшеліктерді ескеру маңыздылығын көрсетуді мақсат етеміз.

Әдістер мен материалдар

Р. Ладоның 1957 жылы шыққан «Лингвистика поверх границ культур» атты кітабы шетел тілін үйретуді дамыту қажеттілігіне байланысты туындаған әдістемелік мақсаттағы қазіргі кездегі салыстырмалы зерттеудің ең алғашқы үлгілерінің бірі болып табылады. Контрастивтік лингвистика идеясын қолдай отырып, Р. Ладо салыстырмалы зерттеуге белгілі бір халықтық мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр элементтерінің тілде көрініс табуымен байланысты экстралингвистикалық құбылысты енгізді. Салыстырмалы лингвистикада «нысаннан мазмұнға» бағытында жасалған көптеген ғылыми еңбектер қазіргі тіл білімінің дамуына айтарлықтай үлес қосты (Benveniste, 1966: 1674).

XX ғасырдың ортасынан соңына қарай Л.В. Щерба, В.В. Виноградов және басқа да лингвистердің ой-пікірлерін дамыта отырып, әр түрлі жүйелі тілдерді салыстырмалы зерттеу туралы ғылыми еңбектерде (А.И. Смирницкая, В.Н. Ярцева, В.Д. Аракин, А.Л. Зеленецкая, П.Ф. Монахов, В.Г. Гак және т.б.) лингвистикалық ғылымдағы салыстырмалы зерттеулердің алатын орынын айқындауға тырысты. Баса айтқанда, бұл еңбектерде салыстырмалы талдаудың теориялық негізін жасау және тіл туралы ғылымдағы контрастивтік лингвистиканың орынын анықтау төңірегінде сөз болады.

Ұлттық және шетел тілдерін зерттеу негізінен екі бағытта жүзеге асты:

- 1) нысаннан мазмұнға (семасиологиялық әдіс);
1. мазмұннан нысанға (ономазиологиялық әдіс) (Карлинский, 2003: 184.)

Семасиологиялық әдіс негізінде жасалған ғылыми жұмыстар лингвистикалық ғылымның дамуына көптеген үлес қосты. Семасиологиялық әдіс негізінде салыстырмалы зерттеу жүргізген А.Л. Зеленецкая және П.Ф. Монахов неміс және орыс тілдерінің ерекшеліктерін зерттеудегі салыстырмалы типологиялық рөліне назар аударды.

Қазақ тілінің басқа тілдермен салыстыра зерттелуіне келетін болсақ, қазақ және орыс тілдері ұзақ жылдардан бері салыстырылып зерттеліп келеді. Сөз орайы келгенде айта кетер болсақ, З.Қ. Ахметжанова және Р.Е. Валиханова қазақстандық тіл білімінде тілдерді салыстырмалы зерттеулер төмендегідей үш бағытта жүргізілгендігін атап көрсетті:

Дәстүрлі салыстырмалы бағыт В.А. Есенғалиеваның, Н.Х. Демесинованың еңбектерімен байланысты. С.М. Сайкиева, М.С. Сейтова және М.Х. Текжанов өз еңбектерінде қазақ және орыс тілдерінің грамматикасын салыстыра қарастырған. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдік құбылыстарды егжей-тегжейлі сипаттайды.

Салғастырмалы типологиялық бағыт бойынша Х.М. Сайкиева, С.В. Шкуридин, А.Т. Каримова, В.В. Чернова, Е.А. Молдабаева, А.Т.Қонақбаева, С.М. Исаев және т.б. зерттеушілердің ізденіс жұмыстарын атауға болады.

Функционалды семантикалық бағыт бойынша З.Қ. Ахметжанова, Р.Е. Валиханова, А.К. Жұмабекова, К.К. Дүйсекова, Н.Г. Шаймерденова, З.Х. Ибадильдина, Г.Г. Гиздатов, А.М. Алдашева, Т. Тоқтарова, Г.М. Ұлыбаева, А.М. Абаева, Н.А. Таирова, Г.Ю. Аманбаева тағы да басқа ізденушілер зерттеу жұмыстарын жүргізген және жүргізуде (Ахметжанова, 1999: 183).

Бұл зерттеу жұмысының өзектілігі бір-бірімен тығыз байланысты кешенді мәселелермен, қазіргі тіл біліміндегі салыстырмалы коммуникативтік, прагматикалық, когнитивтік зерттеудің маңыздылығымен айқындалады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Бүкіл әлемде қанат жайып, кеңінен таралып жатқан дүние жүзі халықтарын ортақ жүйеге тоғыстыратын жаһандану үдерісі көп ұлтты Қазақстанға да әр саладағы қарым — қатынастың жаңа көкжиектерін ашып, жаңа мүмкіндіктер береді. Кейінгі жылдарда қазіргі технологияның және қарым-қатынас әдіс-тәсілдерінің дамуы мен іскерлік қарым-қатынастың, туризм саласының кеңеюіне байланысты мемлекеттер арасындағы қатынастар бүкіл әлемдік сипат алды.

Әлемде болып жатқан жаһандану үдерісі қазіргі заманда өмір сүріп отырған әр этностың ұлттық мәдениеті мен тіл ерекшеліктерін қалай сақтап қалу мәселесін тудырып отыр. Ынтымақтастық, қарым-қатынастың жоғары деңгейде дамып, жемісті болуы көп жағдайда әр ұлт өкілдерінің бір-бірімен тіл табыса білулеріне байланысты. Осыған орай, ұлт болмысының өзіндік ерекшеліктерін танытатын, ұлттың менталдық өрісінің ауқымы мен дүниетанымын, көркемдік ойлау қабаттарын көрсететін, ұлттық мәдениеттің айнасы болып табылатын тілді лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу мен қатар, когнитивтік, прагматикалық және коммуникативтік тұрғыдан да зерттеу қазіргі жаһандандыру үдерісінде ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып алмау үшін қажет. Бұл-мәселенің бір жағы.

Екіншіден, ғаламдық мәдениетаралық кеңістікке ену барысында, көптеген тілші ғалымдар атап көрсеткендей, мәдениетаралық қарым-қатынас, тілдердің, ұлттардың және қоғамдардың өзара байланысы мен өзара әсері қарқынды зерттелуде, өйткені, әр түрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынас жасау барысында сөйлесушілердің әлеуметтік рухани және ұлттық спецификалық болмысы туралы білім мен сол тілде сөйлеушілердің тілде көрініс табатын қайталанбас мәдени ерекшеліктерін білу — тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде толық қолдануды қамтамасыз етеді және мәдени субъектілердің өзара түсінісуінің алғышарты болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей, мәдениетаралық қарым-қатынаста табысқа жету үшін ұлттардың тілі мен мәдениетін білумен қатар, осы білімді қарым-қатынас үдерісінде дұрыс қолдана білу қажет. Біздің планетамызда әр түрлі ұлт өкілдері тұрады, сонымен қатар әр алуан мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып бар, басқаша айтқанда жер бетінде қанша ұлт болса, сонша мәдениет бар. Сол мәдениет, әдет-ғұрыпты білмеу, әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерін білмеу халықтар арасындағы қарым-қатынас барысында түсінбеушілік тудыруы мүмкін.

Тіл қарым-қатынас жасаудың негізгі құралы болғандықтан, бірін-бірі толық қанды түсіну үшін тілдің барлық қыр-сырын жетік білу қажет, сонымен қатар кез-келген ұлттың өзіне тән, сол ұлттың тілінде көрініс табатын тілдік және сөйлеу әдеттерін меңгеру керек. Осы тұрғыдан алғанда салыстырмалы зерттеулердің қорытындылары, тұжырымдары, практикалық ұсыныстары адекваттық өзара түсінісе білуге септігін тигізеді. Екі немесе бірнеше тілді әр түрлі деңгейде когнитивтік, прагматикалық және коммуникативтік тұрғыдан салыстыра зерттеу тілдің барлық қыр-сырын, ұлттық мәдени ерекшеліктерін айқындауға жол ашады.

«Алғыс, тілек» сөздері мен сөйлесімдерінің түрлері, жасалуы, құрылысы және қолданыс аясы

«Алғыс, тілек» мәнді сөздер мен сөйлесімдер адамның жағымды көзқарасын, біреудің іс-әрекетіне ризашылығын білдіреді және адамдардың қоғамдағы немесе отбасындағы бір-біріне жасаған достық, жақсылық қарым-қатынасынан келіп туын

дайды.

2. Француз тілінде «тілек» деген сөзді білдіретін екі сөз бар: *voeux et souhait*. Мәселен, *vœux de bonne année* <жаңа жылға тілектер> et *souhails de bonne année* <жаңа жылға тілектер>. Дегенменде, бұл екі сөздің аражігін ажыратқан жөн. Le Grand Robert сөздігі «*vœux*» сөзіне мынандай анықтама береді: «*souhails adressés à quelqu'un*» <біреуге бағытталып айтылған тілектер>, «*souhait*» сөзінің анықтамасы төмендегідей: «*désir d'obtenir quelque chose*» <бір нәрсе алуға ниет> (Le Micro Robert, 1988: 1987). Сонымен қатар, Le Grand Robert сөздігі бақыт, жақсылық тілеу мен жамандық тілеудің ара жігін ашады. Біріншісі алғыс, батамен байланысты болса, екіншісі қарғысқа, теріс батаға жатады. «Алғыс» пен «қарғыстың» арасындағы ұқсастық: бұл екеуінде де айтылған тілектің орындалуына Құдайдың тікелей қатысы бар. Жоғарыда айтылған сөздік «алғыс» пен «қарғысқа» мынандай анықтама береді: «*bénédictio — formule exprimant l'adhésion du cœur, souhaitant le bonheur, la prospérité, la protection divine* <шын жүректен бақыт, табыс, Құдайдың қорғауын, т.б. тілеу>» (Le Micro Robert, 1988: 1987), «*malédiction (қарғыс) — paroles par lesquelles on souhaite qu'il arrive du mal à quelqu'un, en appelant sur lui la colère de Dieu* <біреуге жамандық тілеу, Құдайдың қаһарына ұшырасын деп тілеу>» (Le Micro Robert, 1988: 1987).

Орыс және қазақ тілдерінде кейбір «алғыс, тілектерде» Құдай сөзі сақталған. Мәселен, Дай Бог Вам здорове! Құдай денсаулық берсін! Құдай жарылқасын! Алла сақтасын! Құдай басқа салмасын! Құдай бетін көрсетпесін! Құдай қуат берсін! Құдай сақтасын! Құдайдан қайтсын! т.б.

«Алғыс, тілек» сөздері мен сөйлесімдерінің сөйлеу әрекетіндегі орнына тоқталып өтейік. Сөйлеу әрекетінде «алғыс, тілек» көбінесе әңгімелесудің соңында келеді, бірақ кейде әңгімені бастауға да септігін тигізіп, әңгіменің басында келеді, кей жағдаятта әңгіменің ортасында да кездеседі. Әңгімені бастайтын «алғыс, тілектер» «құттықтау» сөйлеу әрекетімен сәйкес келеді. Мысалы: *Bonne année! Bon anniversaire! Жаңа жылыңмен (-ыңызбен)! Туған күніңізбен (Туған күніңмен)!.*

Кейбір жағдаятта тілектер сәлемдесу әрекетімен сәйкес келеді. Мысалы: Қош келдіңіздер! Добро пожаловать! *Soyez les bienvenus!* Бұл тілек осы үш тілде де әңгіменің басында қолданылады. Тағы бір мысал: француз тілінде *Bonne journée, Bonne après-midi, Bonne soirée* тілектер әңгіменің соңында, қоштасу кезінде қолданылады. Осы тілектердің қазақ тіліндегі баламалары Қайырлы таң, Қайырлы күн, Қайырлы кеш тілектері әңгіменің басында айтылып, амандасу сөзі қызметін атқарады. Мәселен, төменде берілген мысал Францияның дүкендеріндегі сатушы мен сатып алушының арасындағы әңгіме үлгісі бола алады. Әңгіме үш кезеңнен тұрады: әңгіме басы (амандасу), әңгіме негізі (өтініш жасау және оны орындау), әңгіме соңы (алғыс айту, тілек білдіру, қоштасу):

V : -*Bonjour, Madame!* <Сәлеметсіз бе, ханым!>

Cl : – *Bonjour, Madame! Je voudrais deux kilos de viandes, s'il vous plaît* <Сәлеметсіз бе, ханым! Маған екі келі ет беріңізші>.

V : – *Quarante — six euros soixante-quinze. (le cliente lui tend un billet)... merci, Madame. (la vendeuse rend la monnaie à la cliente)* <Қырық алты евро жетпіс бес евросент (сатып алушы сатушыға ақша берді)... Рахмет, ханым. (сатушы сатып алушыға артық ақшасын қайтарады)>

Cl : – *Merci, Madame!* <Рахмет, ханым!>

V : – *Bonne journée!* <Қайырлы күн!>

Cl : – *Bonne journée! Au revoir, Madame!* <Қайырлы күн! Сау болыңыз, ханым!>

V : – Merci, au revoir ! <Рахмет, сау болыңыз!>

Әр алғыс, тілектің өзіне тән ситуативтік қолданымы бар.

Төмендегі кестеде «алғыс, тілек» сөздері мен сөйлесімдерінің қолданыс жағдаяттары көрсетілген:

3. Белгілі тіл маманы Ф.де Соссюр «халықтың салт-дәстүрлері оның тіліне әсер етеді» (Saussure, 1974.) деп көрсеткеніндей, этнос өмірінде болатын оқиғалар, әдет-ғұрыптар тілдік жүйеде орын алады. Мәселен, жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, қазақ халқында баланы «бесікке салу» дәстүрі бар болғандықтар, соған байланысты тілектер де тілде өмір сүреді. Керісінше, қазақтарда «Рождество» мейрамы мерекеленбегендіктен, бұл мейрамға байланысты тілектер жоқ.

1. Прагмема екі тілде де бар, ол салыстырылып отырған екі тілдегі лингвистикалық аналогтық формалармен берілген). Мысалы: француз тілінде: *Bon voyage !*, қазақ тіліндегі баламасы: Жолың (-ыз) болсын)!

2. Екі тілде бірдей коммуникативтік жағдаят берілген, бірақ бұл жағдаятта қолданылатын сөйлесімдер екі тілде әр түрлі. Мәселен, түшкірген адамға француз тілінде төмендегідей тілектер айтылады: *A vos souhaits!* <Сіздің тілектеріңіз үшін!> немесе *A vos amours !* <Сіздің махаббатыңыз үшін>, қазақ тілінде Аққаз! Сау бол! Көп жаса! Рас екен!

3. Шындық болмыс екі мәдениетте де кездеседі, бірақ екі тілдің бірінде сол құбылыс, шындық болмыс көрініс таппайды. Мәселен, халықтың тіршілік көзі болып табылатын шаруашылықтың тілге, мәдениетке әсерінің тағы бір дәлелі: қазақтарда қой қырқып, мал сойып, мал сауып жатқан адамдардың әрқайсысына бағытталып айтылатын тілектер бар: Қырқар көбейсін! Сояр көбейсін! Сауар көбейсін!, француз тілінде кез-келген жұмыс бастағалы отырған немесе істеп жатқан адамға *Bon courage!* <Батылдық тілеймін> деген тілек айтылады.

Француздарда жүзім жинап, балық аулап жатқан адамдарға айтылатын тілектер бар: *Que la vendange soit abondante !* <Жүзім мол болсын!>, *Bonne vendange!* <Жүзім көп болсын!>, *Bon courage pour la vendange!* <Жүзім жинауға батылдық, күш-жігер тілеймін!>, *Bonne pêche!* <Балық көп болсын!>, *Bon courage pour la pêche!* <Балық аулауға батылдық тілеймін!>. Біз бұл тілектердің баламасы ретінде қазақ тілінде Іске сәт! тілегін алдық, себебі қазақ халқында кез-келген жұмыс істеп жатқан немесе жұмысқа кіріскелі жатқан адамға осы тілекті айтады.

4. Прагмема екі мәдениеттің бірінде болмайды. Мәселен, а) француздарда атап өтілетін діни мейрам — Рождество кезінде айтылатын мынандай тілектер бар: *Joyeux Noël!* <Қуанышты Рождество!>.

ә) Керісінше, қазақтарда Наурыз мерекесіне байланысты төмендегідей тілектер бар: Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ақ мол болсын!, т.б.

Қазақ халқында келіндер атасына не қайынағаларына иіліп сәлем бергенде, атасы және қайынағалары жауап ретінде бата, тілек айтады:

Келіндер біртіндеп келе бастады. Иіліп сәлем салып,... өздері тірлікке құмбыл кірісіп кетті. Сәлем салғанда Бапи бір жасап қалады, кіші иіліп сәлем берсе, үлкен тік тұрып батасын береді, «Көп жаса, қалқам!» – деп манадан бері әлсін – әлі әлденеше айтты.

Тілек білдіре сөйлеу актісіне жататын тосты жеке алып қарастырғанды жөн көрдік. Тост сөзі және тост айту ағылшын тілінен шыққан деген болжам бар. Ағылшын тілінде ол адамдар денсаулығы үшін деген мағына берген. Кейін келе біреудің немесе бір нәрсенің құрметіне сөз сөйлеп ішу деген мағынаға ие болған. Бүгінгі таңда батыс

елдерінде тост айту күнделікті қолданыстан шығып қалды десек те болады, белгілі бір мейрамға жайылған дастарқан басында да тост сирек айтылады. Тек қана ресми дипломатиялық кездесулерде ғана тост айту сақталған. Дегенмен де Францияда дастарқан басында адамдар стакандарын көтеріп, бір-біріне: «À ta santé! À la tienne!» <Денсаулығың үшін!> деген тілек айтады. Бірақ бұл тілек факультативті. Қазақстанда керісінше, әсіресе мейрам, той барысында міндетті түрде тост айтылады. Бір айта кетерлігі, тост айту рәсімі негізінен көршілес орыс халқынан енген.

Тост айту тілек айту ғана емес. Мысалы:

➤ Сен әрқашан бүгінгідей әдемі, сұлу, көңілді болу үшін алайық! Денсаулығың үшін!

Бұл тостта тілекпен қатар, адресатқа мақтау айту бар.

Кейбір тостар өлең түрінде келеді, құрамында мақтау, алғыс айтумен қатар, ақыл айту, философиялық ойлар болады:

I. – Ал сапарың сәтті болсын, қызғалдақ,

Өмір мынау:

Қатар тосқан жеңілі мен ауырын,

Қайғысы мен сауығын,

Шуағы мен дауылын:

Бүгін, міне, сенің туған күнінде

Қандай тілек айтсам екен, бауырым?

Саған байлық тілер ем мен, бірақ ол бір әңгүдік,

Есігіңнен кіргенімен паң күліп,

Жүргенімен шеру тартып, сән құрып,

Саған жолдас бола алмайды ол мәңгілік.

Бәлкім, ерлік тілер ем мен тамыр алған төзімнен,

Ерлік сезім бірақ сенің табылады өзіңнен,

Онсыз адам жүре ала ма соқпақтар мен жолсызда,

Ал сұлулық тілек едім, сұлусың сен онсыз да.

Қайтсем екен?

Мен одан да бүкіл адам аңсаған,

Бүкіл адам сан мың жылдар арман етіп шаршаған,

Азы жетіп, ал сан мыңы тек елесін тамсаған,

Кез келгеннің бақшасында піспейтін,

Кез келгеннің уысына түспейтін,

Зор махаббат тілейінші мен саған... (М.Ш.)

II. «Кавказ тұтқыны» атты фильмнен алынған тост:

«У меня есть желания купит машину, но не имею возможности. У меня есть возможности купит козы, но не имею желания. Так выпьем за то чтобы наши возможности совпадали с нашими желаниями!».

Жоғарыда келтірілген мысалдардан тост тек тілектен ғана құралмайтындығын, оның құрамында мақтау, өткен қызықты кездерді еске түсіру, алғыс айту, кеңес беру сияқты сөйлеу актілері болатындығын көруімізге болады.

Қазақ тілінде алғыс, тілек — бата тілек түрінде де айтылады. Дастарқан басында, түрлі жиын — тойларда, адам өмірінде кездесетін ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той иесіне қол жайып бата беру, сондай-ақ алыс сапарға аттанып бара жатқан адамдарға ақ жол тілеу қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлерінің бірі. Қуаныш пен тойдың ретіне орай, соған лайық батасы болады. Қазақтың ақ батасы

кашанда адамды адамгершілікке, имандылыққа, сабыр мен парасаттылыққа, ақыл мен білімдарлыққа баулыған. Г.Н. Абдвахитова батаның төмендегідей түрлерін ажыратқан (Рысбаева, 1993: 17–20).

Үлкен ақсақалдан барып алатын бата.

Сырым батыр жас кезінде батасын алайын деп Бөкен биге барыпты. Сонда Бөкен би мынандай бата берген екен:

Арқаң қара нардай жауыр болсын,
Мінезің қара жердей ауыр болсын,
Өкпең жоқ — бауыр болсын,
Құлағыңнан сыбыр кетпесін,
Жасың алпысқа жетпесін!

Сонда Сырым бұл батаның шешуін былай деп шешкен екен: «Арқаң қара нардай жауыр болсын дегенің — халық үшін жұмыс жаса, халықты өзіңе ерте біл дегенің. Мінезің қара жердей ауыр болсын дегенің — беріден ойлама, әріден ойла, салмақты бол, жеңіл болма дегенің. Өкпең жоқ — бауыр болсын дегенің — не болса соған өкпелеп, инені жіпке тізіп, өкпешіл болма дегенің. Құлағыңнан сыбыр кетпесін дегенің — ел арасында дау — жанжал көп болады, сол мәселені өзін шешіп, ақ-қарасын айырып, дұрыс — терісін бере біл дегенің. Жасың алпысқа жетпесін дегеніңді түсінбедім, — дейді Сырым батыр. Сонда Бөкен би алты бәледен аулақ болсын деп едім. Бақытты бол, балам, — деген екен.

2. Батаның екінші түрі — ақ дастарханға берілетін бата:

Ардақты үй иесі,
Әуелі бердің шай,
Көңілің болсын жай!
Екінші бердің ет,
Таппасын көңілің
Ешбір дерт!
Үшінші бердің сорпа,
Болмасын көңілің орта!

1. Теріс бата. Бұл бата деп аталғаны болмаса, қарғыстың қатты түрі.

...Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр. Қызарып атқан таңда... Айттым аталық қарғысымды. Менен туған арам қан, бәу бәхит нәсілдерім мынау. Жаратқан ием, я Алла, менің қолымнан өлтіртпедің. Пенден болған бар тілегім, ақ сол болсын! Жібер өзіңнің ақ бұйрықты аталыңды. Уын, зәрін өзгеге жаймай тұрғанда, жой көзін, жоғалт! (М.Ә.)

Мұндай бата сенімді ақтамаған, өзіне қолы, тілі тиген баласына әке — шешенің беретін батасы.

«Алғыс, тілек» сөздері мен сөйлесімдеріне семантикалық, морфологиялық және синтаксикалық талдау жасайық:

1. Француз және қазақ тілдерінде кейбір «алғыс, тілектер» толық сөйлемдер болып келеді: Мен сізге зор денсаулық тілеймін! Je vous souhaite une bonne santé!

2. Эллиптиктік сөйлемше түрінде де кездеседі: Adjectif + substantif : Қайырлы кеш! Қайырлы таң! Қайырлы күн! Bon appétit! Bonne journée! Bonne soirée!

3. Бұйрық сөйлем: Impératif + adjectif (bien) + (nom)!: Жақсы демалыңыздар! Демалысты жақсы өткізіңіздер! Amusez — vous bien (éclatez – vous bien)! Rentrez bien! Passez de bonnes vacances! Reposez — vous bien ! Rentrez bien! (la forme

4. impératif atténuée par le «bien» se rapproche de l'expression «que vous vous reposiez bien! Et que vous rentriez bien!» — Француз тілінде бұйрық райдың көмегімен жасалған тілектер «bien» үстеуімен тіркесе келіп, қалау райдың (subjonctif) көмегімен жасалған тілектерге сәйкес келеді.

5. Француз тілінде кейбір «алғыс, тілектер» ғана «à + nom de ce qui est souhaité» құрылымымен жасалады: à ta santé! à tes souhaits! à tes amours!

6. Француз тілінде «j'espère que...» құрылымымен жасалған сөйлемдерді де жанама тілектердің қатарына жатқызуға болады: J'espère que vous allez passer un bon séjour à Paris!

7. Adjectif possessif + substantif : Mes meilleurs voeux ! Mes félicitations!

8. Француз тіліне эллиптиктік құрылымдар тән. Француз тілінде көптеген тілектердің құрамында «bon» және «bien» сөздері бар. Мысалы: bon courage, bonne continuation, bon voyage, bon week-end, bonne fête, bonnes vacances, porte — toi bien, travaille bien, repose —toi bien, dors bien, rentre bien et ainsi de suite. Француз тілі «алғыс, тілектеріне» тән белгі — осы екі үлгі өте шексіз, оларға басқа лексикалық элементтер қосып, жаңа тілектер жасауға болады. Француз линвисті Катрин Кербра Орекшиони (Catherine Kerbrat-Orecchioni) осы туралы былай деген: «Францияда Bon + quelque chose құрылымымен жасалатын тілектер өте шексіз. Әрине, олар белгілі жағдаятқа байланысты өзгеріп отырады».

Нәтижелер

Зерттеу барысында салыстырылып отырған тілдердегі тілектердің ұқсастықтары да анықталды.

Тілек алмасу құрылысы екі тілде де бірдей болып келеді:

➤ Екі адам бір – біріне бірдей тілекті айтады: Асыңыз дәмді болсын! – Асыңыз дәмді болсын! L1 : Bon appétit ! — L2 : Bon appétit!

➤ Кейбір тілекке тек рахмет деп жауап беріледі: Bonne continuation! – Merci! Іске сәт! — Рахмет!

➤ Тілекке алғыс айтады және сөйлеушіге басқа тілек айтады: Жолыңыз болсын! — Рахмет! Демалысты жақсы өткізіңіздер! Bon voyage ! — Merci ! Et passez de bonnes vacances!

Бір айта кетерлігі, француз тілінде сынақтан өтетін адамға айтылатын Bonne chance ! <Сәттілік!> тілегіне рахмет деп жауап бермеу керек. Адресат үндемейді немесе кейде «je te dis le mot de cinq lettres : Merde !» <Мен саған бес әріптен тұратын сөзді айтамын...> деп жауап береді.

Қазақ тілінде сынақты жақсы тапсырып шығуға тілек білдірген адамға адресат алғыс айтады.

4. Қазақ және француз тілдеріндегі тілектердің қызметіндегі бір үлкен айырмашылық: Қазақ тілінде кей жағдайларда тілек сөздер алғыс ретінде де қолданылады. Әсіресе үлкендер өзінен жасы кішілерге рахмет орнына тілек айтады. Мәселен, үлкен кісіге бала көмектесе, үлкен кісі оған: Өркенің өссін! Таудай азамат бол! Алла разы болсын! Бақытты бол! және т.б. тілектер айтады. Сонымен қатар, қазақ халқында тілек сұрақ қою үшін де қолданылады. Мәселен, қазақтар жолаушы адамнан «Қайда барасыз?» деп тіке сұрамаған, бұл сұрақтың орнына олар: «Жолыңыз болсын! Жол оң болсын!» деген тілектер айта отырып, қайда бара жатқандығын меңзеп сұраған (Ахметжанова, 2004: 12–15.)

Қорытынды

Француз және қазақ тілдеріндегі жағымды және жағымсыз бағалауды білдіретін сөздер мен сөйлесімдерді коммуникативтік, прагматикалық және когнитивтік

бағытта салғастыра келе, төмендегідей тұжырымдарға келдік:

– коммуникативтік тұрғыда салыстырып қарағанда, француз тіліндегі мақтау сөйлеу актілерінің иллокутивтік мақсаты негізінен мақұлдау, қостау, ұнату болып табылады, ішінара ризалық, алғыс, құттықтау иллокутивтік мақсатында қолданылады. Қазақ тіліндегі мақтап сөйлеу актілері өте көп қызмет атқара алады. Оларда мақұлдау, келісу, ризалық, алғыс айту, тілек, бата беру, т.б. иллокутивтік мақсаттар болады;

– француз тілінде мақтау айту ешқандай коммуникативтік конвенциямен шектелмеген болса, қазақ тілінде діни нанымға байланысты баланы мақтап сөйлеуге болмайды, мақтау ретінде жағымсыз сөздер қолданылады;

– салғастырылып отырған екі тілде зоокомпонентті бағалау сөздері мен сөйлесімдер кеңінен таралған. Алайда қазақ тілінде француз тіліне қарағанда төрт түлік малдың атаулары жағымды бағалау (еркелету, жақсы көру, мақтау, алғыс, тілек) мен жағымсыз бағалауды (қарғыс, балағат, сөгіс) білдіретін сөздер мен сөйлесімдерде көп кездеседі. Бұндай сөздердің қазақ тілінде көптігі — бірнеше ғасыр бойы көшпелі мал өсіру шаруашылығымен айналысатын қазақтардың өмірінде үй жануарлары үлкен орын алатындығымен түсіндіріледі. Мал өсіруші қазақ төрт түлік малдың қыр-сырын, ерекше белгілерін, жақсы, жағымды қасиеттерін және жағымсыз мінез-құлқын дәл байқап, аңғара білген. Сонымен қатар, үй жануарларының көңіл аударарлық ерекше жақсы қасиеттерін адамның жақсы мінез-құлқын, ерекшелігін (әдемілік, еңбек сүйгіштік, батырлық, табандылық, т.б.) суреттеуге қолданса, жағымсыз жақтарын адамның бойындағы кемшіліктерді көрсетуге қолданған;

– салыстырылып отырған екі тілде де халықтың тұрмыстық жағдайында, күнделікті өмірінде жиі қолданылатын заттармен салыстыруға негізделіп жасалған жағымды және жағымсыз бағалауды білдіретін сөздер мен сөйлесімдер кездеседі;

– екі тілде де мақтауға жауап беру түрлері ұқсас: мақтау — мақтаумен келісу; мақтау — рахмет айту, мақтау-мақтауда берілген бағаны төмендету, мақтау — қарсы мақтау айту, мақтау — мақтауды жымиып қана қабыл алу;

– екі тілде де әр алғыс, тілектің өзіне тән ситуативтілік қолданымдары бар; кейбір лақундер мен уникалиялар салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың екінші мәдениетте жоқтығына байланысты;

– қазақ тілінде мақтап сөйлеудің ритуалды сөйлесімдері кездеседі;

– прагматикалық тұрғыдан: қазақ тілінде тілектер адресатқа тек жақсылық тілеу үшін ғана емес, сонымен қатар оның іс-әрекетін жағымды бағалау үшін қолданылады;

– қазақ тілінде аффективтік қатынасты көрсететін еркелету, жақсы көру сөзінің басым бөлігі төрт түлік малдың төлдерінің атаулары және туысқандық қатынастардың атаулары;

– когнитивтік тұрғыдан: мәдени өзгешеліктерге қарамастан, адамзат баласына қоршаған ортаның және ойлау, таным қабілеттерінің ортақтығынан, сонымен қатар адамның биологиялық табиғаты мен әлеуметтік өзара іс-әрекеттердің жалпыға ортақ қасиеттеріне байланысты әмбебап концептілер, әмбебап құндылықтар мен бағалаудағы ұқсастықтар туындайды;

– ұлттың ғасырлар бойғы өмірлік тәжірибесімен, мәдениетімен ұштасып жатқан дүниетанымының негізі болатын концептілер жиынтығы болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Benveniste E., 1966 — Problèmes de linguistique générale I, II. Paris: Gallimard, 1966. – p.1674

Карлинский А.Е., 2003 — Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМОиМЯ им.Абылай хана, 2003.- с.184.

Ахметжанова З.К., Валиханова Р.Е., 1999 — Сопоставительно – функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. – Алматы, 1999. – С.183.

Le Micro Robert, Dictionnaire d'apprentissage du français // rédaction dirigée par Alain Rey, – Paris: Dictionnaires le Robert, 1988. –p.1987.

Saussure F. (de)., 1974 — Cours de linguistique générale. – Paris: Payot, 1974.

Рысбаева Г.К., 1993 — Қазақ тілінің культтік лексикасы жайында // ҚР ҰҒА хабарлары, Тіл – әдебиет сериясы. – 1993, № 1. – 17–20 б.

Ахметжанова З.К., 2004 — Лингвокультуремы в переводном художественном тексте // Вестник КазНУ им. аль – Фараби, серия филологическая. – 2004, № 2 (74). – с.12–15.

REFERENCES

Benveniste E., 1966 — Problèmes de linguistique générale I, II. Paris: Gallimard, 1966. – p.1674

Karlinsky A.E., 2003 — Principles, methods and techniques of linguistic research. – Almaty: Kazumoimya named after Abylai Khan, 2003. - p.184.

Akhmetzhanova Z.K., Valikhanova R.E., 1999 — Copolytic and functional issledova-the lexico-phraseological system of Kazakh and Russian languages. - Almaty, 1999. - P. 183.

Le Micro Robert, French Learning Dictionary // editorial staff led by Alain Rey– - Paris: Le Robert Dictionaries, 1988. -p.1987.

Saussure F. (de)., 1974 — Cours de linguistique générale. – Paris: Payot, 1974.

Rysbaeva G.K., 1993 — about the cult vocabulary of the Kazakh language / / messages of NAS RK, language and literature series. – 1993, № 1. - Pp. 17–20.

Akhmetzhanova Z.K., 2004 — Linguoculturemes in translated literary text // Bulletin of KazNU named after al–Farabi, philological series. – 2004, №2 (74). – Pp.12–15.